№1 ХАТТАМАСЫ

2024 жыл 03 қыркүйек **Шымкент қ.**

Қатысқандар:

1. Мектеп директоры
2. Мұғалімдер мен қызметкерлер
3. Оқушылар
4. Ата-аналар

Күн тәртібі:

1. «Қазақстан Республикасының Конституциясы: адал азамат, зерделі ұлт және жауапты қоғам қалыптастырудың негізі» атты Мектептің жаңа оқу жылының басталуын және бірінші сынып оқушыларын қарсы алу салтанатты жиыны.

Тыңдалды:

Мектеп директолры : Е.К.Абдрастилов сөз сөйлеп, жаңа оқу жылымен барлық қатысушыларды құттықтап, білім жолында толағай табыстар тіледі. Сөз барысында мектеп директоры қоғамдағы татулық пен тұрақтылықты сақтау әр азаматтың жауапкершілігіне байланысты екенін атап өтті. Оқушыларды өз Отанын сүюге, ел тарихын құрметтеуге, мемлекеттік рәміздерді қадірлеуге, заңды сақтауға және қоғамға пайдалы азамат болуға шақырды. Жиын барысында 1 сынып және 9 сынып оқушылары мен алғашқы қоңырау соғылды. Бұл сәт мектептегі жаңа оқу жылын бастау белгісі болды. Іс-шара мазмұнды әрі тәрбиелік мәнде өтті. Әнұран орындалып, мектеп оқушылары өз өнерлерін көрсетті. Жиын соңында мектеп директоры жиынды қорытындылап, барлық қатысушыларға алғыс айтты.

Қаулы:

1. Оқушылардың Қазақстан Республикасының Конституциясы туралы білімдерін арттыру мақсатында құқықтық бағыттағы тәрбие жұмыстары жүйелі түрде жүргізілсін.
2. Оқушыларды адалдыққа, жауапкершілікке, әділдікке, отансүйгіштікке және адамгершілікке тәрбиелеу жұмыстары жалғастырылсын.
3. Оқу жылы талапқа сай жүргізілсін.

ДТІЖО **М.А.Жадикова**

Хатшы **Сағын Алия**

ХАТТАМАСЫ

2024жыл 12 қыркүйек **Шымкент қ.**

Қатысқандар:

1. ДТІЖО М.А.Жадикова
2. Аға тәлімгер
3. Жас инспекторлар тобы
4. 1-9 сынып оқушылары мен жетекшілері

Күн тәртібінде:

«Жол қауіпсіздігін сақтаймыз» атты акция жол ережелері жазылған парақшалар тарату.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша ДТІЖО М.А.Жадикова пен аға тәлімгер және жас инспекторлардың ұйымдастыруымен 1- сынып оқушылары арасында жол ережелері жазылған парақшаларды кең ауқымды түрде тарату жұмыстары жүргізілді.

Әр сыныпқа жеке-жеке жаяу жүргінші жолағынан өтер алдында сол жаққа, сосын жолдың ортасына келген кезде оң жаққа қарап, көліктің жоқ екеніне көз жеткізіп барып жүргінші жолағынан өту керек екенін және жол белгілерінің атқаратын қызметі туралы түсіндірді.

ДТІЖО М.А.Жадикова оқушыларға жолда жүру қауіпсіздігін сақтау және балалар жарақатының алдын алу, көшеде, жолда, мектеп жанындағы жолдарда қауіпсіздікті сақтау мақсатында жол ережесін есте сақтау керектігін айтты.

Қаулы:

Жолда жүру ережелерін қатаң сақтауды күшейту бағытында іс-шаралар жандандырылып, жүйелі түрде өткізіліп тұрсын.

Мәуленова Сәбира

ДТІЖО **М.А.Жадикова**

Хатшы **Сағын Алия**

№3 ХАТТАМАСЫ

2024 жыл 16 қыркүйек **Шымкент қ.**

Қатысқандар:

1. ДТІЖО М.Жадикова
2. Аға тәлімгер
3. 5-7 сынып оқушылары
4. Сынып жетекшілер

Күн тәртібі:

«Жас Ұлан» ұйымының топ басшыларын тағайындау, міндеттерін бөліп беру

Тыңдалды:

Аға тәлімгер оқушыларға «Жас Ұлан» ұйымының мақсатын, топ басшылары мен топ мүшелерінің міндеттерімен таныстырды.

Топ басшыларына кандидаттар ұсыныс түрінде жиналды. Әр кандидат өзін таныстырып, қызығушылығын білдірді.

Тағайындалған топ басшылары ресми түрде жарияланды.

Қаулы:

1. «Жас Ұлан» ұйымының жұмысын жандандыру алға қойылсын.

ДТІЖО **М.Жадикова**

Хатшы **А.Сағын**

№4 ХАТТАМАСЫ

2024 жыл 20 қыркүйек **Шымкент қ.**

Қатысқандар:

1. ДТІЖО М.Жадикова
2. Мұғалімдер мен сынып жетекшілер
3. Аға тәлімгер
4. Кәсіби бағдар беруші маман
5. 9-сынып оқушылары

Күн тәртібі:

1. «Мамандықтың бәрі жақсы» атты кәсіби бағдар беру іс-шарасы

Тыңдалды:

ДТІЖО М.Жадикова сөз сөйлеп, мамандық таңдау жайында кәсіби бағдар берді.

Әрбір қатысушы өз пікірін білдіріп, өз мамандығы туралы қысқаша ақпарат берді. Мамандық таңдаудың маңызы туралы әңгімеленді.

Кәсіби бағдар беруші маман қазіргі қоғамдағы мамандықтарға деген негізгі критерийлер туралы, мамандықтарға деген дұрыс көзқарас қалыптастыру үшін кәсіби бағдар берді.

Қаулы:

1. Қоғамда мамандықтарға деген дұрыс көзқарас қалыптастыру үшін кәсіби бағдар беру жұмыстары жалғасын табу керек.

ДТІЖО **М.Жадикова**

Хатшы **А.Сағын**

№5 ХАТТАМАСЫ

2024 жыл 25 қыркүйек **Шымкент қ.**

Қатысқандар:

1. ДТІЖО М.Жадикова
2. 2-6 сынып оқушылары мен сынып жетекшілері
3. Аға тәлімгер

Күн тәртібі:

1. «Отбасы – бақыт мекені» тақырыбындағы сынып сағаты

Тыңдалды:

Әр сыныпта «Отбасы – бақыт мекені» тақырыбында сынып сағаттары өтіліп, видеороликтер көрсетілді.

Отбасында бала тәрбиесі үшін ата-ананың рөлі маңызды екендігі түсіндірілді.

Оқушыларға отбасының бақытқа әсерін талқылау ұсынылды. Әр оқушы өз отбасы жайында айтып, отбасы мүшелерінің бір-біріне деген махаббаты, қолдауы және бірге болудың маңыздылығы туралы пікірлерін білдірді.

Оқушыларға «Бақытты отбасы» тақырыбында шағын топтарда постер дайындау тапсырылды. Оқушылардың өз ойларын параққа түсіруге мүмкіндік берілді. Бұл жаттығу оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға көмектесті.

Қаулы:

1. Отбасы жайында эссе жазу, өлеңдер оқу жұмыстары тапсырылсын. Отбасына, ата-анаға құрмет жасау жолдары жүзеге асырылсын.

ДТІЖО **М.Жадикова**

Хатшы **А.Сағын**